**"Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 17 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 қаңтарда № 8289 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.01.2016 № 30 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5419 болып енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бектілген Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесінде:

1 «Ағымдағы шығындар» санатында:

01 «Тауарлар мен қызметтерге шығатын шығыстар» сыныбында:

120 «Жұмыс берушілердің жарналары» кіші сыныбында:

123 «Міндетті сақтандыруға арналған жарналар» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының

шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу құжаттарды растайтын қосымшасыз, төлеуге берілетін шоттың негізінде жүзеге асырылады.»;

140 «Қорларды сатып алу» кіші сыныбанда:

149 «Өзге қорларды сатып алу» ерекшелігі бойынша:

«Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті тіркеуді талап ететін шығыстардың түрлері» деген 6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«141-144-ерекшеліктер бойынша көзделмеген материалдар мен басқа да қорларды сатып алуға арналған шығындар. Сол сияқты осы ерекшелік бойынша әскери мақсаттағы заттар мен материалдар сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі.»;

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Шет елдерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу растаушы құжаттарды қоса бермей-ақ, төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Техникалық реттеу мен метрология саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын және бақылау-қадағалау өкілеттіктерін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің, оларды іске асыру саласында олардың сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін тауар үлгілерін сатып алумен және сынақтан өткізумен байланысты шығыстарын корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып, төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді.»;

150 «Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу» кіші сыныбында:

151 «Коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеу» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық

мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.»;

152 «Байланыс қызметіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.»;

153 «Көлік қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу растаушы құжаттарды қоса бермей-ақ, төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.»;

154 «Үй-жайды жалдауға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Шет елдерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу растаушы құжаттарды қоса бермей-ақ, төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінде қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер арасында жасалған шарттарды тіркеу жүзеге асырылмайды.»;

және 159 «Басқа да жұмыстар мен қызметтер» ерекшелігі бойынша:

«Ескерту» деген 7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: жеке (ұжымдық) еңбек шарты бойынша шығыстарды төлеу кезінде; банк қызметтерін төлеу кезінде; әкімшісі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылатын «Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Шет елдерде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау» бюджеттік бағдарламасы бойынша және «Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде, «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды

Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Инвестициялық Дауларды реттеу жөніндегі Халықаралық орталықтың шығыстарын төлеу кезінде, халықаралық төрелік органдар мен шетелдік соттардың шешімдері бойынша шығарылған төрелік шығыстар мен сот шығыстарын төлеу кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу растаушы құжаттарды қоса бермей-ақ, төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Үкіметтік сыртқы қарыз қаражатын аударуды жүзеге асыратын банкке қызмет көрсеткені үшін комиссияны төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді. Мемлекеттік мекемелердің, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әскери-көлік авиациясының әуе кемелеріне қызмет көрсетуге байланысты, құқық қорғау органдарының алыс және таяу шетелге қызметтік іссапарларда болған кезіндегі шығыстарын корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді.»;

«155» деген жолдан кейін:

«Ерекшелігі» деген 4-баған «156» деген цифрлармен толықтырылсын;

«Атауы» деген 5-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу»;

«Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті тіркеуді талап ететін шығыстардың түрлері» деген 6-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеуге арналған шығындар.»;

2 «Күрделі шығындар» санатында:

4 «Негізгі капиталды сатып алу» сыныбында:

430 «Дамуға бағытталған күрделі шығындар» кіші сыныбында:

«433» деген жолдан кейін:

«Ерекшелігі» деген 4-баған «434» деген цифрлармен толықтырылсын;

«Атауы» деген 5-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту»;

«Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті тіркеуді талап ететін шығыстардың түрлері» деген 6-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар, сондай-ақ инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінде көзделген негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шығындар.»;

«435» деген жолдан кейін:

«Ерекшелігі» деген 4-баған «436» деген цифрлармен толықтырылсын;
«Атауы» деген 5-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
«Концессиялық жобаларды бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартымен іске асыру»;
«Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті тіркеуді талап ететін шығыстардың түрлері» деген 6-баған мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
«Концессиялық жобаларды бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартымен іске асыруға арналған шығындар».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және оның әдіснамасы департаменті (Қалиева А.Н.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қаржы министрі Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК